




Ақпараттарды даярлау барысында көрсеткен қолдауы үшін Институт Қазақстан Республикасының Үкіметіне, атап айтқанда Экономика және бюджеттік жоспарлау, Сыртқы істер министрліктеріне және қазақстандық сарапшылар мен талдаушыларының бірсыпырасына алғысын білдіреді.

Брошюраның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық нұсқалары www.nurotan.kz сайтында



«Еуразиялық экономикалық ықпалдастық:

Қазақстандықтардың ең жиі қоятын 20 сауал
(БАҚ, әлеуметтік желілер, қоғамдық пікір зерттеулері,
сарапшылар сауалнамалары ақпараттары негізінде)





Мазмұны

1. Экономикалық ықпалдастық Қазақстанға не үшін қажет?.....	3
2. Еуразиялық экономикалық одақ неге дәл қазір құрылып жатыр?.....	5
3. ЕАЭО мүше-елдердің ұлттық мүддесінің сақталуына кепілдік қалай беріледі және тараптардың біреуінің басымдығына жол берілмеуі қамтамасыз етіле ме?.....	6
4. Мемлекет Еуразиялық одақ құру қарсаңында отандық бизнесті қолдау үшін қандай шаралар қолдануда?.....	8
5. Еуразиялық ықпалдастықтың отандық бизнес үшін экономикалық тиімділіктері нақты неде?.....	9
6. Ықпалдастық Қазақстанның қарапайым азаматтарына қандай пайда әкеледі?.....	11
7. ЕАЭО қаншалықты ашық? ЕАЭО-тың басқа елдермен ынтымақтастығы қалай құрылмақ?.....	13
8. Ресеймен ықпалдасу Орталық-Азия Одағы идеясынан бас тартуға және түркі әлемінен алыстауға әкеп соқпай ма? Еуразиялық ықпалдастық ұлттық бірегейлікті жою қаупін әкелмей ме?.....	14
9. Экономикасы әлем бойынша бесінші орындағы Ресей мен экономикалары шағын Қазақстан және Беларусьтің тең құқылы одағы мүмкін бе?.....	16
10. Қазақстан ДСҰ-ға кіретін болса, онда ЕАЭО-ға кірудің қандай пайдасы бар?.....	19



11. ЕАЭО кіру Қазақстанның тәуелсіздігін жоғалтуына әкелмей ме?.....19
12. Армения, Қырғызстан, Тәжікістан арқылы ЕАЭО кеңейтуге тырысу Ресейдің саяси амбициясының айғағы емес пе?.....21
13. Ресей ЕАЭО әлеуетін аймақтағы Қытай, АҚШ және ЕО экономикалық ықпалын төмендету үшін пайдаланып отырған жоқ па?.....21
14. Еуразия экономикалық одағы негізінен ресейлік және беларусьтік өнеркәсіп үшін ғана тиімді болып қалмай ма?...23
15. Қазақстанның Кеден Одағы елдерінің шикізат шылауына айналып жатқаны шындық па?.....24
16. Ықпалдастық кезінде экономиканың қай салалары еселеп өркендейтін болады?.....26
17. ЕАЭО құру туралы шешім қабылдауда қатысушы-елдерде неліктен референдумдар өткізілмеді? ...27
18. Интеграция Ресей мен Беларусь елінен келетін жұмыс күшінің есебінен жұмыссыздықтың көбеюіне әкелмей ме?....30
19. Экономикалық ықпалдастық коммуналдық төлемдер тарифі мен энерго тасымалдаушылар бағаларының өсуіне алып келмейді ме?.....31
20. Посткеңестік кеңістікте болған басқа ықпалдастық одақтардың (КО, БЭК, ЕурАзЭҚ, ТМД және т.б.) жағдайы қалай болады?32



1. Экономикалық ықпалдастық Қазақстанға не үшін қажет?

Соңғы екі онжылдықта әлем жаһандық, ал одан кейін экономикалық дағдырысты басынан кешірді. Әлемдік қауымдастық әлі де ауыр қаржылық дағдарыс пен элеуметтік күйзелістен оңалу үстінде.

Экономикадағы дағдарыс пен ұзаққа созылған тұрақсыздық кез-келген елдің **бүгінгі таңда өмірге икемдігінің көп жағдайда басқа елдермен ықпалдастығына байланысты екенін көрсетіп берді.** Азаматтардың әл-ауқатының жақсаруын экономикалық өсімсіз елестету мүмкін емес. Ал ол, өз кезегінде өтім нарығының ұлғаюын, кедендік кедергілердің жойылуын, инвестицияға қажетті жағдайдың жақсаруын талап етеді.

Міне, сондықтан да әлемнің көптеген аймақтарында ықпалдасу процестері жеделдетілуде және **әлемдегі ең дамыған отыздықтың қатарына кіретін елдердің бәрі де аймақтық және жаһандық экономикалық бірлестіктердің белсенді қатысушылары болып табылады.**

1994 жылы тұңғыш рет Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұсынған Еуразиялық экономикалық ықпалдасу, ең алдымен, Қазақстандағы қарапайым азаматтар мүддесі басымдығына сүйенген идея.

Үш мемлекет Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде өз кәсіпкерлері үшін ортақ көлемі 2 триллион АҚШ долларынан астам 170 миллион адамдық нарық ашады, іскерлік саладағы бәсекеге қабілеттілікті дамытуға жағдай жасайды.



Төрт негізгі бостандық - тауарлардың, қызмет көрсетудің, инвестицияның, еңбек ресурстарының еркін қозғалысы - Қазақстанға әріптестерімен халықаралық экономикалық қатынастарда бірыңғай одақ болып тізе қосуына мүмкіндік туғызады, сондай-ақ, азаматтарымыздың тұтыну жағдайы мен өмір сүру сапасын едәуір жақсартыды.

Ауқымды тұтыну нарығын құру біздің еліміздің инвестициялық тартымдылығын елеулі арттырады. Қазақстан үшінші бір елдермен келіссөзде пайдаланарлықты ұстанымдарға және экономикалық қарым-қатынаста бәсекелестік артықшылығына қол жеткізеді.

Қазақстандық өндірушілер ресейлік транзиттік инфрақұрылымға қол жеткізе отырып, өнімдеріміздің еуропа нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттырып, қазірдің өзінде экспорттық шығындарын азайтуда.

Еуразиялық ықпалдасуды дамытуға тағы бір маңызды себеп - қазақстандық экономиканың шикізатқа тәуелділігін еңсеру. Тұтыну нарығын ұлғайтусыз мүмкіндігі шектеулі жеделдетілген индустриаландыру қазақстандық экономиканың тартымдылығын айрықша арттыратын дамуымыздың оңтайлы жолы болып табылады.

Сондай-ақ, Ресей және Беларусьпен бірыңғай нарықта болу Қазақстанға Қытай мен Еуропа Одағының қуатты экономикаларының арасында тиімді дәнекер болуға мүмкіндік туғызады.



2. Еуразиялық экономикалық одақ неге дәл қазір құрылып жатыр?

Еуразиялық экономикалық одақты құру (ЕАЭО) – 1994 жылы Президент Н.Ә.Назарбаев айтқан еуразиялық ықпалдастық идеясын жүзеге асырудағы маңызды кезең. **Жиырма жыл бойы бұл идея жоспарлы және жүйелі түрде іске асырылып келді.**

1996 жылы басталған және 2011 жылы рәсімделген **еркін сауда аймағын құру** Қазақстан, Ресей және Беларусьтің экономикалық ықпалдастықтығының басы болды.

Кедендік одақты (КО) құру екінші кезеңі болды, оның шеңберінде 2014 жылдың 1 шілдесінен бастап үш мемлекеттің арасындағы кедендік шекаралар жойылды.

Кедендік одақ жұмыс істегеннен бастап мүше-мемлекеттердің өзара саудасының артқандығы байқалады. Мысалы Кедендік одақ шеңберінде 2009-2013 жылдары Қазақстан экспорты тұтастай алғанда 62,7 %, ал импорты 98,3% өсті.

2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап **біздің елдеріміз ықпалдастықтың үшінші сатысына, яғни Бірыңғай экономикалық кеңістікке (БЭК) қадам басты.** Оның шеңберінде тауарлардың, қызмет көрсетудің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы қамтамасыз етіледі.

БЭК, Кедендік Одаққа мүше мемлекеттердің нарығында теңқұқылы бәсекеге алғышарт жасады. Тұтыну сұранысы ұлғайып, бар ресурстарды тиімді пайдаланып, соның арқасында өндіріс өсімі ынталандырылды (егжей-



тегжейлі 4, 5 сұрақтарға жауапта). Бизнесті жүргізу жағдайы елеулі жақсарады. Мәселен, КО мүше-елдердің барлығы Әлемдік банктің бизнесті жүргізу жағдайына байланысты рейтингінде елеулі көтерілді (2011 жылдан бастап 2014 жылға дейін Ресей - 31 пунктке, Беларусь – 5 пунктке, Қазақстан – 9 пунктке).

Бүгінгі таңда Кедендік одақ пен Бірыңғай экономикалық кеңістік әлемде қарқынды дамып жатқан экономикалық жобалардың бірі ретінде қабылданады.

Ықпалдасудың тәжірибе жүзіндегі табысы біздің елдерімізге ЕАЭО құруды бастауға жағдай туғызды. Енді Қазақстан, Ресей және Беларусь бірыңғай сыртқы сауда саясатын жүргізе, техникалық реттеуга арналған ортақ кеңістікті қалыптастыра, сондай-ақ, экономиканың маңызды салалары арасындағы үйлестіруді жақсартатырып, экономикалық ықпалдастықтың жаңа деңгейіне көтерілді.

3. ЕАЭО мүше-елдердің ұлттық мүддесінің сақталуына кепілдік қалай беріледі және тараптардың біреуінің басымдығына жол берілмеуі қамтамасыз етіле ме?

ЕАЭО басқару органдары «бір ел - бір дауыс» принципімен жұмыс істейді. Жоғарғы Кеңес пен ЕАЭО Кеңесі деңгейіндегі барлық негізгі шешімдер қандай да бір мемлекеттің басымдығына жол бермейтін, тараптардың АБСОЛЮТТИ БӘТУАЛАСТЫҒЫ арқасында, яғни бірауыздылық жағдайында ғана



қабылданады. Егер ең болмағанда бір мемлекет келіспесе, шешім қабылданбайды.

Еуразиялық экономикалық комиссияның (ЕЭК) Кеңесі мен Алқасы сияқты органдарына әр қатысушы-елден тең құрамда өкілдер тағайындалады.

ЕАЭО сотына әр мемлекеттен екі судьядан тағайындалады.

Комиссия мен Соттың қалған қызметкерлері әр мемлекеттің аталған органдарды қаржыландыруға қатысу үлесінің пропорционалдығына орай алынады және тағайындалады.

Комиссияның шешімі Жоғары және Үкіметаралық кеңестер деңгейінде тоқтатылуы немесе қайта қаралуы мүмкін. Ең соңғы амал ретінде кез-келген мәселені ЕАЭО Сотының қарауына шығаруға болады.

ЕАЭО шеңберіндегі барлық міндеттемелік сипаты бар келісімдер мен шешімдер қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік тілдеріне тәржімаланады және ұйымның сайтында орналастырылады.

ЕАЭО құруға байланысты келіссөз процесі барысында Ұлттық палатаның және Қазақстан кәсіпкерлерінің салалық қауымдастықтарының көзқарастары мен кеңестері ескерілді. Бұл нақты және дәлелді түрде еліміздің мүддесін қорғауға мүмкіндік берді.



4. Мемлекет Еуразиялық одақ құру қарсаңында отандық бизнесті қолдау үшін қандай шаралар қолдануда?

Елбасы тапсырмасымен қазақстандық Үкімет отандық бизнесті қолдаудың теңдесі жоқ шараларын қабылдады. Бұл - «Бизнестің жол картасы 2020», кәсіпкерлерді тексеруге мораторий, Ұлттық қордан бір триллион теңгені инвестициялау, инвестициялық климатты жақсартудың, әкімшілік кедергілерді түбегейлі қысқартудың жүйелік шаралары.

Атап айтқанда, бизнеске көмек несиелерді арзандатудан, мемлекет есебінен жаңа жобаларға инфрақұрылым салудан көрінеді. Өңдеу өндірісі саласында құрылған, шетелдік үлесі бар жаңа кәсіпорындар 10 жылға корпоративтік табыс салығынан босатылатын болады.

Қолдаудың мұндай механизмдері Ресейде де, Беларусь елдерінде де жоқ.

КО мемлекеттерімен өзара саудада отандық бизнес едәуір жеңілдетулерге қол жеткізді. Олардың арасында төмендегілерді атауға болады:

- РФ мен БР-ден келген тауарлар бойынша импорттық қосымша құн салығы мен акциздер бойынша төлем жасау 50 күнге дейін кейінге шегерілді;

- жүк кедендік декларация мен кедендік салым төлемдерінің негізгі форма үшін 50 еуро, әр қосымша бет үшін 20 еуро мөлшеріндегі түрлері алынып тасталды.

Сонымен қатар, ықпалдастық бірігу аумағында өзара



саудада бар өзгешеліктерді біртіндеп жою мақсатында өндірістік, ауылшаруашылық субсидиялар, сондай-ақ бәсекелестіктің бірыңғай принциптері мен ережелері жөнінде келісімдерге қол қойылған.

Еуразиялық одаққа ену біздің экономикамыздың барлық мәселелерін автоматты түрде шешпейтіні рас. Ықпалдастық ең алдымен Елбасының кәсіпкерлермен кездесуінде үнемі айтып жүрген тауарлар мен қызметтерді шығару қарқынын ұлғайтуға жағдай жасайды. Еуразиялық одақ нарығында өз орнын алу үшін біздің бизнес өндірісті өсіріп, өнімнің түрлері мен сапасын арттыру керек. Бұл жерде ықпалдастықтан негізгі пайданы қарапайым тұтынушылар табатыны маңызды.

5. Еуразиялық ықпалдастықтың отандық бизнес үшін экономикалық тиімділіктері нақты неде?

Қазақстан Ресей мен Беларусь үшін 17 миллиондық нарықты аша отырып, орнына 9 есе үлкен 153 млн. адамдық тұрғыны бар нарыққа шығады.

Жалпы алғанда еуразиялық ықпалдастық ЕАЭО мемлекеттерінің экономикасын нығайтып, ірі экономикалық ойыншылармен өзара ықпалдастығын арттыруға септігін тигізеді.

Бүгінде Кеден одағы мемлекеттері мұнай мен газ өндіру бойынша әлемде бірінші, минералдық тыңайтқыштар өндіруде екінші, электроэнергия бойынша үшінші, бидай, көмір мен болат өндіру бойынша төртінші орында. Құрылтайшы мемлекеттің бірі - Ресей алтын-валюта



қорларының көлемі бойынша үшінші, ал экономикасы бойыншы бесінші орында.

Қазақстан үшін Еуразиялық экономикалық одақ ауқымды өтім нарығын ұсынады. Мәселен, әріптес-мемлекеттердің мемлекеттік сатып алулар көлемі – 198 млрд. АҚШ долларына тең болса, бұл көрсеткіш қазақстандық мемлекеттік сатып алулар көлемінен 26 есе көп. Ресей мен Беларусьтің импорт көлемі 360 млрд. долларды құрайды, ал бұл қазақстандық ЖІӨ-ден 1,6 есеге артық.

Бүгінгі таңда бірыңғай мемлекеттік сатып алулар орталығы құрылуда. Бірыңғай сатып алуларға барлық үш елдің бизнесмендері қол жеткізбек, бұл өз кезегінде бәсекелестік пен қызмет сапасын арттырады.

Сондай-ақ Ресейдің көлік инфрақұрылымына енудің оңтайлы шарттары есебінен қазақстандық экспорттаушылар көлік шығындарын қысқартып, сәйкесінше үшінші елдер нарықтарында өз тауарының бәсекелестігін күшейтеді.

Газ-көлік инфрақұрылымына оңтайлы ене отырып, Еуропаға газды экспорттау арқылы қосымша табыс алу мүмкіндігі бар. Мәселен, қазақстандық газдың экспорттық бағасы 223,8 \$/мың м³-ты құрайды, ол Еуропада 470 \$/мың м³-қа жетеді. Осылайша, көлік инфрақұрылымына жеңілдікпен енген жағдайда түсер пайда шамамен мың м³-қа \$145,2 құрайды.

Қазақстанның Ресей және Беларусьпен ықпалдасуы арқасында транзит мәселесі оңынан



шешіледі. Ресей арқылы темір жолмен өтетін қазақстандық транзит көлемі 2013 жылы 24,8 млн. тоннаны құрайды, бұл жалпы қазақстандық экспорт көлемінің 15%-ын (168 млн. тонн) құрайды.

Сонымен қатар, кәсіпкерлер тауардың сапасы мен шығуының бірыңғай сертификатына ие болып, ішкі шекараларда (сыртқы шекарадан бөлек) бақылаудың кеден, фитосанитарлық, ветеринарлық түрлерінен босатылады. **Бұл бизнестің уақытты үнемдеп, шығындарды қысқартуына мүмкіндік береді.**

Сондай-ақ, Кедендік Одақ бойынша серіктес-мемлекеттерге қарағанда салықтық және инвестициялық климаты әлдеқайда дұрыс біздің елдің инвестициялық тартымдылығының арта түсуі күтілуде.

Еуразиялық экономикалық одақ сөз жоқ тиімді. Сондықтан бүгінде оннан астам мемлекет (Түркия, Үндістан, Вьетнам, Иран, Армения, Қырғызстан, Чили, Жаңа Зеландия және т.б.) Кеден одағына кіруге ниет білдіруде.

6. Ықпалдастық Қазақстанның қарапайым азаматтарына қандай пайда әкеледі?

Біздің азаматтарымыз көптеген тауарлар мен әртүрлі қызмет көрсетулерге қол жеткізеді. Оның сыртында, нарықта импорт және жергілікті өнімдер бағасының төмендеуінен ашық бәсекеге мүмкіндік туады.

Тұтынушы үшін ең басты артықшылық –



өндірілетін тауарлардың дүниежүзілік стандарттарға жауап бере алатындай жоғары сапада болуына деген талап күшейеді. Осыған орай, азық-түлік тауарларын өндірудің техникалық регламентін бірегей сипатқа көшіру жоспарларнып отыр. Соның нәтижесінде тауар өндірушілер өз өнімдерінің сапасын көтеруге міндетті болады. Мәселен, бүгінгі таңда шұжық өнімдеріндегі еттің үлесі бар-жоғы 5% – 20% ғана екен. Техникалық бірегей регламент енгізілген жағдайда мұндай өнімдердің құрамындағы ет 60%-дан кем болмайтын болады (Ресей стандарттарына сәйкес).

Екінші бір артықшылық – жаңа ашылған біріккен кәсіпорындардың және бүгінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың кеңейтілуі есебінен жаңа жұмыс орындары ашылады. Импорттың жеңілдетілуі жаңа техникалар мен технологияның көптеп келуіне ықпал етеді. Осының бәрі жұмыссыздықты азайтып, халықтың әл-ауқатының көтерілуіне серпін береді.

Ішкі көші-қонға қатысты процедуралар жеңілдетіледі: еуразиялық ықпалдастыққа қатысушы-мемлекеттердің азаматтары Бірыңғай экономикалық кеңістіктің кез келген елдерінде жұмысқа қабылдау кезінде кәсіби және әлеуметтік құқықтары мен міндеттері ортақ болады.

Адам капиталының еркін қозғалысы азаматтың ЕАЭК мүше мемлекеттерге жұмысқа орналасуда және оқуға түсу кезінде уақытты үнемдеп, рәсімдеулерді оңайлатуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда үш мемлекеттің арасында дипломды мойындауды қажет етпейтін, ЕАЭК мүше-



мемлекеттер жоғары оқу орындарының тізімі жасалып жатыр.

7. ЕАЭО қаншалықты ашық? ЕАЭО-тың басқа елдермен ынтымақтастығы қалай құрылмақ?

ЕАЭО – бұл сыртқы сауданы тиімді жүргізе алу үшін ішкі бәсекеге қабілеттілікті нығайтуға бағытталған ашық жоба.

ЕАЭО-ға қатысу форматы мен деңгейі туралы келіссөздер жүргізіп жатқан Армения мен Қырғызстаннан басқа, әлемнің бірқатар мемлекеттері осы ұйыммен тығыз ынтымақтастық орнатуға зор қызығушылық танытып отыр.

Атап айтсақ, бүгінгі таңда сауда ынтымақтастығы аясын кеңейту мақсатында Еуропалық еркін сауда қауымдастығымен және Жаңа Зеландиямен сауда жеңілдіктері туралы келісімдер жасау, сондай-ақ, Вьетнаммен Еркін сауда туралы келісім жөнінде келіссөздер жүргізілуде. Израильмен, Үндістан және Мысырмен еркін сауда жөнінде келісім жасау мәселесі қаралып жатыр. Бұл жерде кедендік баж салығын жою және іскерлік орта үшін ресімдеулерді жеңілдету мақсатында еркін сауда аймағын құру мәселесі қаралуда.

Мұның барлығы ЕАЭО әлеуетінің қатысушы елдермен қатар өзге де мемлекеттерді қатты қызықтыратынын айғақтайды. Сонымен қатар, ЕАЭО-ның оған қатысушы-мемлекеттердің тәуелсіздігін шектейтін саяси жоба еместігін тағы да дәлелдейді.



8. Ресеймен ықпалдасу Орталық-Азия Одағы идеясынан бас тартуға және түркі әлемінен алыстауға әкеп соқпай ма? Еуразиялық ықпалдастық ұлттық бірегейлікті жою қаупін әкелмей ме?

Үш елдің қатысуымен құрылғалы тұрған Еуразиялық экономикалық одақ Қазақстанның ұлттық ерекшелігіне кері әсерін тигізбейді. ЕАЭО – мәдени-гуманитарлық дамуға еш қатысы жоқ таза экономикалық ұйым және қатысушы елдердің ұлттық ерекшелігіне әсер етпейді.

Мысалы, ЕАЭО шарты жобасында БАҚ нарығын реттеу мен ақпараттық қызмет көрсету қарастырылмаған.

Сондай-ақ, ЕАЭО шарты жобасының 26 бабы бойынша осы құжаттың және Одақтың басқа да барлық халықаралық шарттарын тараптардың **мемлекеттік тілдерінде жасау қарастырылып отыр. Бұдан бөлек, Одақ органдары қабылдайтын барлық міндетті сипаттағы шешімдер қатысушы-елдердің мемлекеттік тілдеріне тәржімаланады.** Әрі Одақ бюджетінде осы мақсатқа тиісті қаражаттар қарастырылмақ.

Еуропаның ықпалдастық тәжірибесі көрсеткендей, Еуропа Одағы шеңберінде терең қарым-қатынас орнатқан қатысушы елдер өздерінің ұлттық бірегейлігін жоғалтқан жоқ. ЕО жұмыс істеген ондаған жылда, айталық, итальяндықтар өздерін ең алдымен итальяндықтар ретінде сезініп келеді. Еуропа тәжірибесі ықпалдастық тереңдеген сайын мүше елдердің ұлттық бірегейліктері керісінше тек арта түсетінін көрсетіп отыр.



Біздің елімізге келетін болсақ, Қазақстан түркі әлемінің басқа да елдері кіретін түрлі халықаралық бірлестіктердің белсенді мүшесі болып қала береді. Бұл бірінші кезекте ШЫҰ, АӨСШК, Түріксой және басқалар.

Сонымен бірге, Ресейдің кең мағыныда түркі әлемінің бір бөлігі болып табылатынын естен шығаруға болмайды. Айталық, РФ құрамындағы Татарстан, Башқұртстан, Алтай өлкесі саяси, экономикалық, және мәдени өмірдің барлық бағытында дамып келеді. Сонымен қатар, Ресейде 600 мың этникалық қазақ тұрады, ал, біз үшін олармен тығыз қарым-қатынаста болудың өмірлік маңызы зор.

ЕурАзЭҚ шеңберіндегі жиындардың бірінде Түркияны да КО құрамына енгізу туралы ұсыныс айтылды. Өзірбайжан да ЕАЭО кіруге тілегін білдірді.

ЕАЭО - ашық халықаралық ұйым және Орталық Азия елдері оның ең ықтимал қатысушылары болмақ. Мысалы, Қырғыз Республикасының Кеден одағына қосылу жұмыстары 2011 жылдан бері жүргізіліп келеді. 2012 жылғы 12 қазанда Қырғыз Республикасының Кедендік одаққа қосылу мәселесі жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев - Орталық Азия елдері арасындағы, әсіресе түркі әлемі елдерінің ықпалдастық процестерін тереңдетуді басты жақтаушылардың бірі. Н.Ә.Назарбаев 4 мамырда өткен Азия Даму Банкі басқарушылары кеңесі отырысының ашылуында Орталық Азиядағы одан әрі ықпалдасудың қажеттілігі туралы мәселені кезекті рет көтерді.



Еуразия ықпалдастығы Ұлы Жібек жолын қайта жандандыру кезеңі тұрғысынан алсақ еуразиялық аймақтың барлық елдерінің экономикалық тығыз қауымдасуы үшін жаңа белестер ашпақ.

9. Экономикасы әлем бойынша бесінші орындағы Ресей мен экономикалары шағын Қазақстан және Беларусьтің тең құқылы одағы мүмкін бе?

Ресей экономикасы Қазақстан мен Беларусьті қоса алғандағы экономикадан үлкен болғанымен, экономикалық даму деңгейі тұрғысынан (бәсекеге қабілеттігі) шамамен бірдей.

Мәселен, жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшері, білім мен денсаулық сақтау, экономиканың технологиялық таралуы, жұмыс күшінің кәсібилігі, көлік инфрақұрылымы бойынша Қазақстан, Беларусь және Ресей бір-біріне жақын деңгейде.

Сонымен бірге, бәсекеге қабілеттіліктің әлемдік рейтингі бойынша Қазақстан едәуір жоғары орын алады: Бүкіләлемдік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілікке байланысты индексі бойынша (ҚР– 50-ші орында, РФ – 64, БР – 94-ші орында), Менеджмент институтының жаһандық қабілеттілікке байланысты рейтингі бойынша (ҚР – 34, РФ – 42-ші орында, БР қатыспайды).

Әлемдік тәжірибе сұранысты әркез арттыруға, жаңа салаларды, ғылыми-техникалық зерттемелерді дамытуға, қажетті қауіпсіздікті қамтамасыз етер күшке



ие бірнеше ірі экономикалардың бірігуі арқылы құрылған одақтар өмір сүруге қабілетті екендігін көрсетеді. Ал экономикасы әлсіз елдер тиімді одақ құра алмайды. Бұған даму деңгейі шамалас Африка мен Латын Америкасы елдерінің мысалы дәлел, олар бірнеше рет сауда және экономикалық одақ құруға тырысқанымен, нәтиже шықпады.

Сондай-ақ, **экономикалары ЕО шеңберінде жүйеқұраушы болып табылмайтын Дания мен Финляндияның мысалы да назар аударуға тұрарлық.** Алайда бұл тауарлары мен көрсетер қызметі әлемнің барлық елдеріне белгілі осы елдердің кәсіпкерлеріне бөгет бола алған жоқ. Аталған елдердің өндірушілерінің өнімдері бірқатар салада сапаның эталоны болып табылады (мысалы, даниялық кондитерлік өнімдері немесе финдердің сантехникасы мен телефониясы). **Аталған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, ірі орталықтардың айналасында ең алдымен шағын әріптестердің гүлденуіне жол ашылады.**

Тауарлар мен қызмет түрлеріне, ғылыми жаңалықтар мен білімге үнемі сұраныс тудыратын қуатты орталықтың кез-келген одаққа қажет екені даусыз.

Қазақстан еруге талпынып жатқан әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің тәжірибесі олардың түрлі халықаралық ықпалдастық ұйымдары құрамында бола отырып биік деңгейге жеткенін көрсетеді.



	Мемлекет	Халықаралық сауда келісімдері мен ұйымдарына қатысуы
1.	Швейцария	ЭЫДҰ, ЕЕСҚ
2.	Сингапур	БСҰ, АСЕАН, АТЭС
3.	Финляндия	Еуроодақ, БСҰ, ЭЫДҰ
4.	Германия	Еуроодақ, БСҰ, ЭЫДҰ
5.	АҚШ	БСҰ, ЭЫДҰ, АМҰ (Америкалық Мемлекеттер Ұйымы), АТЭС
6.	Швеция	Еуроодақ, БСҰ, ЭЫДҰ
7.	Гонконг	АТЭС, БСҰ, АСЕАН
8.	Нидерланды	Еуроодақ, БСҰ, ЭЫДҰ
9.	Жапония	БСҰ, ЭЫДҰ, АТЭС
10.	Ұлыбритания	Еуроодақ, БСҰ, ЭЫДҰ
11.	Норвегия	БСҰ, ЭЫДҰ, ЕЕСҚ
12.	Тайвань	АТЭС, БСҰ
13.	Катар	ОПЕК, ПШЕЫК (Парсы Шығанағы елдерінің ынтымақтастығы жөніндегі кеңес), ПАН-АРАБ (Еркін сауда Панараб аймағы)
14.	Канада	БСҰ, ЭЫДҰ, АТЭС
15.	Дания	Еуроодақ, БСҰ, ЭЫДҰ
16.	Австрия	Еуроодақ, БСҰ, ЭЫДҰ
17.	Бельгия	Еуроодақ, БСҰ, ЭЫДҰ
18.	Жаңа Зеландия	БСҰ, ЭЫДҰ, АТЭС
19.	БАӘ	ПШЕЫК, ПАН-АРАБ
20.	Сауд Арабия	ОПЕК, ПШЕЫК, ПАН-АРАБ
21.	Австралия	БСҰ, ЭЫДҰ, АТЭС (Азия-Тынық мұхит аймағы экономикалық серіктестігі)
22.	Люксембург	Еуроодақ, БСҰ, ЭЫДҰ
23.	Франция	Еуроодақ, БСҰ, ЭЫДҰ
24.	Малайзия	АТЭС, АСЕАН
25.	Оңтүстік Корея	БСҰ, ЭЫДҰ, АТЭС
26.	Бруней	АСЕАН
27.	Израиль	ЭЫДҰ
28.	Ирландия	Еуроодақ, БСҰ, ЭЫДҰ
29.	Қытай	АТЭС, БСҰ, БАНГКОК
30.	Пуэрто-Рико	Кариб қауымдастығы, БСҰ



10. Қазақстан ДСҰ-ға кіретін болса, онда ЕАЭО-ға кірудің қандай пайдасы бар?

ЕАЭО мынадай төрт түрлі «еркіндік» (капиталдар мен тауарлардың, қызмет көрсетулер мен еңбек ресурстары нарығына қол жеткізудің ыңғайлылығы) секілді артықшылыққа қол жеткізуге барынша мүмкіндік беретін тығыз ықпалдастық бірлестігі.

Мысалы, адам капиталының еркін қозғалысы азаматтың ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерінің бірінде жұмысқа орналасуында және оқуға түсуі кезінде уақытын үнемдеп, процедураларды оңайлатуға мүмкіндік береді. Сонымен, бүгінгі таңда Қазақстанның азаматы Ресейде 30 күнге дейін тіркеусіз жүруге құқы бар, ал, келешекте тіркеуді мүлдем алып тастау ұсынылып отыр.

Ал, ДСҰ аясында ДСҰ-ға мүше-мемлекеттердің (155 мемлекет) нарығына шыққан жағдайда тауарлар мен қызмет көрсетулерге салынатын баж салығы төмендетіледі. Сондықтан, ДСҰ-на кіру алыс шет елдерді қоса алғанда сауда ынтымақтастығын кеңейту тұрғысынан қарағанда артықшылығы зор.

Еуразиялық ықпалдастық үш мемлекеттің ресурстарын топтастырудың есебінен біздің экономикамызды ДСҰ аясында бәсекелестікке қабілетті етуге мүмкіндік береді.

11. ЕАЭО кіру Қазақстанның тәуелсіздігін жоғалтуына әкелмей ме?

ЕАЭО ең алдымен мүше-елдердің егемендік теңдігін, олардың территориялық тұтастығын және тараптардың ұлттық мүдделерінің сақталуын



ескеріп, халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған нормаларының негізінде құрылып отыр. Мүше-мемлекеттер ЕАЭО кіргенде Еркіндік, Теңдік және Өзара тиімділік принциптерін ұстанады. **Әр қатысушының ұйымнан шығу құқы сақталады** (Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарттың 118 бабы).

ЕАЭО да Кеден одағы немесе Бірыңғай экономикалық кеңістік сияқты саяси одақтың элементерінен мүлдем ада. Бұл қатысушылар үшін нақты пайдасы бар таза экономикалық құрылым.

ЕАЭО-ның негізгі мақсаты – бірыңғай нарық құру, саяси егемендікке нұқсан келтірмей, тауарлардың, қызмет көрсетудің, инвестициялардың, еңбек ресурстарының қозғалысындағы кедергілерді жою (Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарттың 1 бабы).

ЕАЭО құзіретіне келесі бағыттар ғана жатады: кедендік басқару, үшінші елдерге қатысты сауда саясаты, ЕАЭО шеңберінде бәсеке саласындағы саясат, техникалық және санитарлық реттеулер, ветеринарлық, фитосанитарлық шаралар.

Ендеше, **ЕАЭО пен КСРО-ны салыстырудың еш негізі жоқ.**

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, бүгінгі таңда советтік үлгіні қалпына келтірудің институционалдық базасы жоқ. Оның үстіне, ЕАЭО елдеріндегі экономикалық құрылым, меншік жүйесі, әлеуметтік құрылым мен азаматтық белсенділік советтік ескіліктен әлдеқайда алысқа ұзап кетті.



12. Армения, Қырғызстан, Тәжікістан арқылы ЕАЭО кеңейтуге тырысу Ресейдің саяси амбициясының айғағы емес пе?

ЕАЭО – сындарлы экономикалық жоба. Басқа елдердің оған қызығушылығы геосаяси ниеттен емес, тек қана экономикалық қызығушылықтан пайда болып отыр.

Армения мен Қырғызстанның ЕАЭО кіруі – өз өнімдерінің өтім нарығын ұлғайтудың, инвестиция тартудың және тұтынушылық сұранысты арттырудың мүмкіндігі. Ал, ЕАЭО құрушы-мемлекеттер үшін басқа мемлекеттермен ынтымақтастық – жаңа нарыққа шығу арқылы келешекте экономикалық географияны кеңейтудің амалы.

Сондықтан ЕАЭО құрушы-мемлекеттер басқа елдердің осы Одаққа қосылуын қолдайды, бірақ ол дербес ұлттық мүддеге ғана сүйенген тәуелсіз шешім болуы тиіс.

Тұтастай алғанда еуразиялық материкте ауқымды ықпалдастықты одан әрі қалыптастыру барлық қатысушы-мемлекеттерге игілік әкелетін уақыт талабы, объективті шындық.

13. Ресей ЕАЭО әлеуетін аймақтағы Қытай, АҚШ және ЕО экономикалық ықпалын төмендету үшін пайдаланып отырған жоқ па?

Еуразиялық экономикалық одақ ең алдымен Қазақстан, Ресей және Беларусь халқының өмір сүру деңгейін көтеру үшін құрылды. Біздің елдеріміз біреуге қарсы болу үшін емес, өз азаматтарының әл-ауқатын көтеру үшін өзара экономикалық ықпалдастыққа барып отыр.



Ұлттық экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету үшін ЕАЭО қатысушы-елдеріне бірлесіп жаһандық шикізат нарығындағы тұрақсыздық, инвестицияның айтарлықтай қысқаруы, әлемдік экономикадағы ұзаққа созылған рецессия және т.б. сын-тегеуріндерге қарсы тұру білу қажет.

Кедендік шекараларды жою, тауарлардың, қызмет көрсетулердің, инвестициялар мен еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын құру, жалпы сауда саясаты мен стандарттарды реттеу – осының бәрі тауар мен қызмет көрсету сапасын арттырып, қазақстандық бизнестің дамуы мен тұтынушылық сұраныстың ұлғайуына қуатты серпін береді.

АҚШ пен Қытайдың мүддесі Қазақстанда да, Ресейде де жақсы дәрежеде қамтылған, мысалы, инвестиция түрінде және бірлескен жобаларға қатысу арқылы. Сондықтан да, әңгіме қарсыласу емес, өзара тиімді ынтымақтасу жайлы. ЕАЭО бірлескен мүмкіндіктерді неғұрлым тиімді пайдалануға және бәсекедегі жаңа артықшылықтарға қол жеткізуге бағытталған.

Қытайды ЕАЭО аумағы – Жаңа Жібек жолы арқылы Еуропа елдерімен байланыстыратын құрлықтық көлік дәлізін құру жөніндегі жоба осының жарқын мысалы болып табылады. Егер бұрын еуропалық және азиялық өндірушілерге тиісті рәсімдеу арқылы үш мемлекеттік шекараны кесіп өтуге тура келсе, енді, бірыңғай кедендік тариф пен стандарты бар кеңістікті құру оны түбегейлі жеңілдетеді, яғни Қазақстан арқылы өтететін континентаралық жүк тасымалын ұлғайтады.



14. Еуразия экономикалық одағы негізінен ресейлік және беларусьтік өнеркәсіп үшін ғана тиімді болып қалмай ма?

Статистика **бірыңғай кедендік аумақ құру қазақстандық өнеркәсіп өнімдерінің артуына өте жақсы ықпал еткенін көрсетіп отыр.**

Мәселен, жеңіл автомобильдер шығару 2009 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2013 жылы 50 есеге артса (745 данадан 37,5 мың данаға дейін), жүк көлігін шығару – 6,5 есеге, телевизорлар мен қабылдағыштар – 2 есеге, фосфор – 2,5 есеге, минералды тыңайтқыштар – 10%, коньяк пен шарап – 44% және 16%, макарон өнімдері – 34%, ірімшік пен сүзбе – 39%, сүт және ет өңдеу – 90% және 74%, өсімдік майын шығару - 35% өскен.

Істей бастағанына бар-жоғы 4 жыл болған КО елдеріндегі өсімнің жоғары көрсеткіші жалпы нарықтың қорғалу мүмкіндігінің жоғарылауы мен ішкі өндірістің өсуіне мүмкіндік жасалуының арқасында болып отыр.

Бүгінгі күнде негізінен ішкі нарық молайып, импорттық тауарлар ығысуда. Алдағы уақытта өндірістің артуы Қазақстанның Кедендік Одақ елдеріне экспортының өсуіне оң әсерін тигізбек.

Сонымен қатар, бір мезгілде Қазақстанның өз ішінде зор ұсынысқа ие жекелеген тауарлардың да экспорты жоғарылаған.

Мысал келтірер болсақ, трансформаторлардың экспорты 11 есеге, жүк көліктері – 17 есе, сантехникалық



бұйымдар – 1,4 есе, аккумуляторлар – 1,7 есе, цемент – 16 есе, конденсаторлар – 1,3 есе, минералды су мен сусындар – 13 есе, кондитер өнімдері – 3 есеге көбейді.

Еліміздегі жаңғыртудың шеңберінде қажетті өндірістік база құрылуда. Олай дейтініміз, өңдеуші секторға құйылған инвестицияның өсуі экономика бойынша орташа алғанда инвестицияның өсуі қарқынан едәуір жоғары (33% кереғар 88%).

Кедендік одақ құрылған сәттен бастап Қазақстанның өңдеуші секторына құйылған тікелей шетел инвестициясының көлемі 2009 жылы 1,8 млрд. АҚШ доллардан 2012 жылы 3,4 млрд. АҚШ долларына дейін өсті, сонымен бірге, осы кезеңдегі тікелей шетел инвестицияның жалпы көлемі 6,9 млрд. АҚШ долларына артқан, яғни барлық тікелей шетелдік инвестицияның тең жартысы өңдеу саласына құйылуда.

15. Қазақстанның Кеден Одағы елдерінің шикізат шылауына айналып жатқаны шындық па?

Қазақстан Кеден одағының шикізат шылауына айналады деген пайымдаудың еш негізі жоқ. 2013 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық экспорттағы Ресейдің үлесі 7%, ал Беларусь тек 0,1% құраса, өзге елдерге 92,9% тиесілі болған.

Тұтастай алғанда Қазақстанның экспорты 2013 жылы 82,5 млрд АҚШ долларды құрап 4,5% қысқарып, ал импорты 48,9 млрд. АҚШ долларды құрап, 5,4% өсті.



Сонымен бірге Кедендік Одаққа шығарылған экспорт 357 млн., ал өзге елдерге 3,6 млрд. долларға қысқарды.

Экспорттың қысқару себебі - әлемдегі мұнай, газ, металдар, сонымен қатар, уран мен астықтың әлемдік бағасы тұрақсызданып, ол экспорттан түсетін ақшалай түсімге өз әсерін тигізді (мысалы, алдыңғы жылы Қазақстанның экспорты 4,6 % көп болды).

2013 жылы импорт 2,6 млрд АҚШ долларға, оның ішінде Кедендік одақтан 764 млн АҚШ долларға (29%), ал өзге елдерден 2,6 млрд. АҚШ долларға өскен. **Импорттың өсімі бірінші кезекте индустриаландыру және қазіргі заманғы өнеркәсіпті құру үшін қажетті көлік, жабдықтар мен металкүрылымдар сатып алудың өсуімен байланысты болып отыр, бұл экономикамыздың жаңғырғанын дәлелдейді.**

Сонымен қатар, импорт құрамында минералды шикізаттың үлесі үлкен, оның ішінде КО шеңберіндегі тауарлық балансқа әсер ететін Ресейдің шикі мұнайы мен дайын мұнай өнімдері бар. Мәселе бұрынғы ССРО уақытынан бері Павлодарлық мұнай өңдеу зауыты мен Шымкент мұнай өңдеу зауыты Түменнің шикі мұнайына байланып қалған болатын.

Жалпы 2009-2013 жылдары Кеден Одағы аясындағы Қазақстанның экспорты 62,7%, ал импорты 98,3% өсті.

Экспорт құрылымында қайта өңдеу өнімдері көлемі өсіп келе жатқаны негізгі көрсеткіш болып табылады. Атап айтқанда, 2009 жылмен салыстырғанда 2013 жылы экспорттағы өңделген өнімнің үлесі екі есеге көбейген (1,6 млрд.-тан



3,2 млрд. АҚШ долларға). Нәтижесінде, экспорттағы өңделген тауарлардың үлесі 44,9%-дан 54,6% өскен.

Бүгінгі таңда отандық өндіруші неғұрлым бәсекеге қабілетті болып, мысалға алсақ, ішкі нарықтан еттің импортын ығыстырып шығарып, өндірісін өрістетуде. Мәселен, 2013 жылы Қазақстанға үшінші елдерден келетін еттің импорты 37 мың тоннаға азайды (250,3 мыңнан 213,3 мыңға) оның ішінде Литвадан 80 %, Болгариядан - 35 %, АҚШ-тан – 24%. Алайда Ресейден Қазақстанға келетін ет импорты небәрі 4% немесе 2,9 тоннаға артқан.

16. Ықпалдастық кезінде экономиканың қай салалары еселеп өркендейтін болады?

Бәрінен бұрын құрылыс пен көлік инфрақұрылымында қызмет көрсету артатын болады. Электр энергетикасы саласында сонымен қатар, Қазақстан мен Ресей арасында электр қуатын алмасу көбейіп, бағыттарды рационализациялау және оны тұтынушыларға жеткізу артатын болады.

Сонымен қатар, көлік құбыр тасымалы саласында, мұнай-газ кен орындарын игеруде, тау-кен металлургия кешені мен атом өндірісі саласындағы ықпалдастықтан пайда зор. Одан басқа, мұнай-химия өндірісінде біріккен кәсіпорындар құру мүмкіндіктері қарастырылып жатыр. Әсіресе, Қазақстан мен Ресейдің машина жасау, металлургиялық өнімдерді пайдалануда ауқымды перспективасы бар. Осы арада Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарындағы кәсіпорындарға оралдық зауыттармен кооперация жасауға үлкен кеңістік ашылатын болады.



Ақпараттық технология мен жоғарытехнологиялық салаларды дамытудың жақсы алғышарттары бар.

Агроөндірістік кешеніміз азық-түлік қорын дайындау мен Еуропаға, Парсы шығанағына, Шығыс Азияға, Қытайға азық-түлік өнімдерін экспорттауда зор әлеуетке ие. Астық және майлы дақыл өндірушілердің бірігуі болжаулы нәрсе.

Алайда, елімізге ең алдымен азық-түлікке қатысты (ет, сүт, картоп, жеміс-жидек) ішкі нарықты өтеп алу керек. Бүгінде Қазақстан азық-түлік тауарларын 4 млрд. АҚШ долларға жуық – 200 мың тоннадан астам ет пен 300 мың тонна жеміс-көкөніс импорттайды.

Сонымен қатар, ЕАЭО азық-түлікті экспорттау үшін зор мүмкіндіктерді ашады. Мәселен, Ресей жылына 20-25 млрд. АҚШ долларға - 1 млн. тонна ет (ҚР-нан 5 есе көп) және 4 млн. тонна жеміс-көкөніс (ҚР-нан 12 есе көп) импорттап отыр.

17. ЕАЭО құру туралы шешім қабылдауда қатысушы-елдерде неліктен референдумдар өткізілмеді?

ЕАЭО - заң бойынша белгілі бір қол қою тәртібіне бағынатын халықаралық шарт негізінде құрылатын бірлестік.

ЕАЭО құру жөніндегі келіссөздер барысында ҚР Кәсіпкерлердің Ұлттық Палатасы, жетекші салалық және бизнес-қауымдастықтарының ұсыныстары мен ұстанымдары есепке алынды. Бұл еліміздің мүддесін нақты және дәйекті түрде қорғауға мүмкіндік берді.



Қазақстан заңнамасына сәйкес Шартқа қол қойылған соң оны Парламент міндетті түрде бекітуі тиіс. Халықтың мүддесін қорғаушы депутаттар аталған Шартты бекітпеуге немесе оны жетілдіруге жіберуге құқылы.

Халықаралық тәжірибенің жарқын үлгісі ретінде Еуропа одағының мысалын келтіруге болады. **Мысалы, Еуропа одағын құрудың алғашқы кезеңдерінде оған қатысушы елдер референдум өткізбей-ақ шешімдер қабылдады.**

Мәселен, Франция, ГФР, Италия, Бельгия, Нидерланды және Люксембургтің таскөмір, темір рудасы және металлургия өнеркәсібін біріктіруші халықаралық ұйым болып табылатын әрі Еуропадағы экономикалық ынтымақтастықтың негізін қалаған Еуропаның көмір және темір бірлестігін (ЕКТБ) құру туралы келісімге мемлекет басшылары мен үкіметтері деңгейінде қол қойылды және референдум жүргізілмеді.

Яғни, ЕАЭО сияқты аталған ұйым шеңберінде де тек экономикалық интеграция мәселесі қарастырылып, бұл тұста осы іске жұмылдырылған бизнестің мүддесі басты есепте болды.

ЕАЭО туралы Шарт (жүздеген беттен тұратын) саяси емес, тек экономикалық пайда мен ұлттық мүдделердің барынша ескерілуі тұрғысынан ыждаһатты сараптауды талап ететін өте көлемді, негізінен техникалық құжат.

Сондықтан да ЕАЭО қатысушы-елдерінде референдум өткізілген жоқ. Бұл өзге де елдердің, оның ішінде Еуропалық Одақтың да тарихи тәжірибесіне сәйкес келеді.



Еуразиялық даму банкінің Интеграциялық зерттеулер орталығы (ЕАБР) 2012 жылдан бастап жыл сайын «Ықпалдастық барометрі» зерттеуін жүргізіп келеді. 2013 жылы ЦИРКОН ірі әлеуметтік орталығымен бірлесіп жүргізілген **ТМД елдерінің қоғамдық пікірін зерттеу азаматтар тарапынан КО мен БЭК мақұлдануының Қазақстан бойынша 73% (халық қолдауының ең жоғарғы көрсеткіші), Ресей бойынша – 67%, Беларусь – 65% екенін анықтап берді.**

2013 жылғы «ЕАБР ықпалдастық барометрі» мен «Еуробарометр» нәтижелерін салыстырсақ, **посткеңестік кеңістікте экономикалық ықпалдастық ұйымдарына деген ішкі қабылдаушылық Еуроодақ елдеріне қарағанда жоғарырақ деуге болады.**

Сондай-ақ, КО, БЭК аясында орын алған, қазір құрылғалы жатқан ЕАЭО шеңберінде қолданылатын шешімдер қабылдау жүйесінің сипатына да тоқтала кеткен жөн. Еуразиялық үштіктің қадағалаушы ұлттық органдары баршаға мәлім халықаралық тәжірибеге сәйкес «бір ел – бір дауыс» жалпыға ортақ қағидасы бойынша жұмыс істейді, ал **барлық шешімдер тараптардың абсолютті бәтуаласуы негізінде қабылданады.**

Шешім қабылдаудың әрбір кезеңінде қатысушы елдер өз мүдделеріне қайшы келетін шешімдерге вето қойып, тоқтау сала алады.

ЕАЭО барлық жоғарғы органдарындағы орындар қатысушы үш елдің арасында тең дәрежеде бөлінген.

Осылайша, еуразиялық ықпалдастық аясында барлық шешімдерді қабылдау тетігі ұлттық мүддеміз бен еліміздің



қарапайым азаматтарының мүдделерін жүзеге асыруға 100% кепілдік береді дегенді сеніммен айтуға болады.

18. Интеграция Ресей мен Беларусь елінен келетін жұмыс күшінің есебінен жұмыссыздықтың көбеюіне әкелмей ме?

Экономикалық ықпалдастық импорттау кезіндегі үшінші бір елге деген бағыныштылықты азайту және ішкі өнімді молайту мен кооперацияны дамыту арқылы қосымша жұмыс орындарын ашады.

Осыған орай, Ресей мен Беларусь елінен шамадан тыс жұмыс күші келеді деген күдік негізсіз болып табылады. Сонымен қатар, **Ресей Федерациясы мәліметтері бойынша, бүгінгі таңда жұмыс күші қажеттілігі 1,8 миллион орынды құрап отыр.**

Мұнымен қатар, Еуразиялық ықпалдастық Қазақстанға қажет болған жайғдайда экономиканы жаңартуды жүзеге асыру үшін көрші мемлекеттерден жоғары білікті мамандарды қатыстыруға мүмкіндік береді. Шектеулі ғана шетелдік жоғары кластағы мамандарды жұмысқа тарту өз азаматтарымызды жұмыс нарығына ығыстыру болып табылмайтыны анық.

Сондай-ақ, белсенді және бәсекеге қабілетті қазақстандықтар үшін «еуразия үштігінің» ауқымды ортақ нарығында жаңа қызметтік мүмкіндіктер ашылады.

Ал, қалай дегенмен де кез-келген мемлекеттегі жұмыссыздар деңгейінің сол елдің экономикасының өсу қарқынымен тікелей байланысты екендігін ұмытпағанымыз жөн. Бұл тұрғыдан алсақ еуразиялық



ықпалдастық үлкен перспективаларды қамтамасыз ететіндігін есте сақтағанымыз жөн.

Еуразиялық даму банкінің ықпалдастықты зерттеу Орталығының жүргізген сараптамасы бойынша **ЕАЭО құрудағы тиімділік 2030 жылға дейін 1 трлн. АҚШ долларға жетуі мүмкін. Қазақстан үшін тиімділік жыл сайынғы жалпы ішкі өнімнің қосымша 3,5% өсетіндігінен байқалатын болады.**

19. Экономикалық ықпалдастық коммуналдық төлемдер тарифі мен энерготасымалдаушылар бағаларының өсуіне алып келмейді ме?

Жоқ. Ресей мен Қазақстан арасындағы тығыз қарым-қатынасқа қарамастан екі елдің энерго жүйелері өзара тәуелсіз және әртүрлі факторларлар әсерлерін бастан кешіріп отыр. Энерготасымалдаушылардың бағаларының өсуінің басты себебі ықпалдастық процесіне емес, әлемдік нарықтағы жағдайға қатысты болып отыр.

Талдау көрсеткендей, Қазақстандағы тарифтердің өсуі көбіне ішкі себептерге байланысты болып келеді: ескірген инфраструктура мен желілерді кешенді жаңалау қажеттілігі, табиғи монополиялар қызметінің жеткіліксіз деңгейдегі тиімділігі мен ашықтығы, өзіндік құнға әсер ететін логистикалық және басқа да қазметтер бағаларының өсуі.

Керісінше, Ресей мен Беларус елінен шығатын тауарлар санының ұлғаюы Қазақстан нарығында бағаны нарықтық деңгейде ұстап тұруға септігін тигізеді.



20. Посткеңестік кеңістікте болған басқа ықпалдастық одақтардың (КО, БЭҚ, ЕурАзЭҚ, ТМД және т.б.) жағдайы қалай болады?

Посткеңестік кеңістікте ықпалдастық процесті дамыту идеясы ТМД құрудан басталған болатын.

ТМД бұрынғы одақтас мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен достық қатынастарын дамытып, нығайтуға қызмет етіп отыр. Бұл одақ аясында гуманитарлық, мәдени, ақпараттық байланыстардың дамуына көбірек көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар, посткеңестік кеңістіктегі ықпалдастық процесс еркін сауда аймағы, ЕурАзЭҚ, ОАО түрлерінде іске асырылды. **Көрсетіліп отырған одақтар, әзірше тығыз қарым-қатынасқа даяр емес посткеңестік мемлекеттердің арасында әрдеңгейлі қарым-қатынастардың сақталып, қалыптасқан байланыстың әрі қарай дамуына мүмкіндік береді.**

2012 жылдың қаңтар айында күшіне енген Біртұтас экономикалық аймақта дамиресурстар мен капиталдардың, қызметтер мен тауарлардың еркін айналымға енуіне шақырған ықпалдастықтың біршама тереңдетілген заттық үлгісі болып табылады.

Еуразиялық ықпалдастық процесінің жоғары нүктесі болып Еуразиялық экономикалық одақ табылады. Қазіргі таңда талқыға түсіп жатқан Келісім жобасы Кедендік Одақ пен Бірыңғай Экономикалық Кеңістік аясындағы келісімдер бойынша жұмыс істеп отырған жинақталған нормативтік-құқықтық базаға, сонымен қатар, экономикалық саладағы ең үздік әлемдік ықпалдастық тәжірибелеріне сүйенеді.